



Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті




ҚазҰМУ ғылыми кітапханасы





Мұқағали – мәңгілік ғұмыр





Өз ұлтының
тәуелсіздігін
аңсаған
азаттықтың
ақыны –


**МҰҚАҒАЛИ
МАҚАТАЕВ**



*90
ЖЫЛ*



Өлді деуге болама
айтыңдаршы,
Өлмейтұғын артында сөз
қалдырған.



Мұқағали Мақатаевтың өмірбаяны

Мұқағали Мақатаев бүгінде бар қазаққа мәшхүр болған есім. Мұқағали есімі қазақ поэзиясының символы іспеттес. Оның аты жүрегінде шексіз даланың, адам аспайтын ұлы Хан Тәңірі мен Алатау тауын, ұшар басында жазғы күннің салқын лебі жасынып жататын жуан ағаштар мен табиғаттың шексіздігін, қазақ жерінің сұлулығын суреттейді.

Мұқағали ұлы қазақ жерінің және қазақ халқының сүйіспеншілігіне бөленген ұлы перзенті. Ақынның азан қойып шақырған аты - Мұхаметқали. Бірақ ата-анасы пайғамбар атымен жүру ауыр тиеді деп сәби күнінен «Мұқағали» деп еркелеткен.

Қазақ халқын жарқын талантымен баурап алған Мұқағали Мақатаев 1931 жылы 9 ақпанда Алматы облысының қазіргі Райымбек ауданындағы Қарасаз ауылында дүниеге келді. Қарасаздың сұлулығы Мұқағалидың ақындық талантының қайнар көзі болды.

Ақынның туған ауылы Қарасаз өңірі





1948 - 49 ҚазМУ-дың филология факультетінің студенті;

1948 - оқуын тастап, Шибұт ауылында ауылдық кеңестің хатшысы;

1949 - көктемде жары Лашынмен отау құрады;

1949 - «Советтік шекара» газеті ақынның «Қырман басында», «Қойшы бала – Әкітай» деген өлеңдерін жариялады;


1950 - Алматыдағы Шет тілдер институтының неміс тілі факультетіне оқуға түсіп, көп ұзамай тұрмыстық жағдайына байланысты оқуын тастайды;

1954 - Қарасаздың бастауыш мектебінде орыс тілі мұғалімі болып тағайындалады, осы жылы ақынның үш өлеңі «Әдебиет және искусство» журналында жарияланды;

1957 - Республикалық радионың диктор қызметін атқарады;

1960-62 – «Советтік шекара» газетінің бөлім меңгерушісі;

1963-1965 – «Мәдениет және тұрмыс» журналында жұмыс істейді;





Поэзиядағы алғашқы қадамдары

Ақынның тұңғыш өлеңдері
«Қырман басында», «Қойшы бала –
Әкітай» ауданындағы «Советтік
шекара» газетінде жарияланды (1949).
«Інімнің ойы», «Шебер» өлеңдері
«Жастық жыры» атты
жинаққа енді (1951).






Шығармалары мен аудармалары

Мұқағали Мақатаевтың суреті бейнеленген пошта маркасы, 2006 жыл.
Мұқағалидің “Қарлығашым, келдің бе?”, “Дариға жүрек” (1972 ж.), “Аққулар ұйықтағанда”, “Шуағым менің” (1975 ж.), “Соғады жүрек”, “Шолпан”, “Жырлайды жүрек”, “Өмір-өзен”, “Өмір-дастан” және т.б. жыр жинақтары, сондай-ақ, “Қош, махаббат!” (1988 ж.) атты прозалық кітабы да бар. Біршама өлеңдеріне ән жазылды. Өзін аудармашылық қырынан да сынап көрген Мұқағали Дантениң “Құдіретті комедиясының” “Тамұқ” деген бөлімін (1971 ж.), Шекспирдің “Сонеттерін” (1970 ж.), Уолт Уитменнің өлеңдерін (1969 ж.) қазақ тіліне аударды.

Ақынның көзі тірісінде 3 аударма кітабы У. Уитмен, “Шөп жапырақтары” (1969); У. Шекспир, “Сонеттер” (1970); Д. Алигерья, “Құдіретті комедиясының” “Тамұқ” бөлімі (1971)], 8 жыр жинағы “Ильич” (1964), “Армысындар, достар” (1966), “Қарлығашым, келдің бе?” (1968), “Мавр” (1970), “Дариға-жүрек” (1972), “Аққулар ұйықтағанда” (1974), “Шуағым менің” (1975), “Өмірдастан” (1976) жарық көрді. У. Уитмен, У. Шекспир, Н.Тихонов, Р. Бернс, Ф. Ансари, А. Акопян, А. Исаакян, Е. Евтушенко, Ф. Моргуннің бірнеше өлеңдерін аударды. Ю.А. Александров, М.М. Курганцев тәржімалаған ақын өлеңдері “Зов души” деген атпен орыс тілінде басылып шықты








Мұқағали отбасымен бірге

○ Мұқағали отбасымен бірге. Балалары Майгүл, Жұлдыз, апасы Дәмеш, анасы Нағима, жары Лашын. 1954 жыл.





**Қазақ ақын-жазушылары мен
ел адамдары Мұқағалидың
туған жеріндегі мұражайының
ашылу**



Мұқағали Мақатаевқа арналған мұражай





№140 М. Мақатаев атындағы мектеп-гимназиясы



Алматыда ақынға арнап қойылған ескерткіш






**М. Мақатаевтың жары
Лашын Әзімжановамен**



М. Мақатаев отбасымен



Соборъ, менигачи - год!
Л. Макафелъ
17. III. 1844.





*Назарларыңызға
рақмет!*

